


Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай- балабақшасы, КММ
меңгерушісі: 
Э.Ж. Нурмағанбетова



**«Тілім менің-тірегім!»
«Балдәурен» ересек тобы**

Тәрбиеші: Үмертаева М

2024ж Қыркүйек

Тақырыбы: «Тілім менің-тірегім»

Мақсаты: Балаларға ән, тақпақ, өсиет сөздерді үйрете отырып, өз ана тіліне деген сүйіспеншіліктерін ояту. Ана тілін құрметтеу, мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Патриоттық тәрбие беру. Бір-біріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу

Фонда Сарыарқа күйі ойналып тұрады.

Жүргізуші:

Туған тілім-тірлігімнің айғағы

Тілім барда айтылар сөз ойдағы

Өссе тілім, менде бірге өсемін

Өшсе тілім менде бірге өшемін, деп Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл халқымыздың қасиетті байлығы болса, сол байлығымызды келешек ұрпаққа қалдыру мақсатында елімізде 1989ж тіл туралы заңы қабылданды

Ана тілің арың бұл

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл

Өз тіліңді құрметте,- демекші бүгінгі «Тілім менің –тірегім» атты ертеңгілігіміз -Сіздер үшін!

Мемлекеттік Гимн орындалады.

- Жүректі тебірентер Гимннен кейін мерекеміздің ашылу салтанатын балабақшамыздың меңгерушісі Э.Н. Жалпақбайқызына сөз береміз.

Жүргізуші:

-Ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан еліміз бен жеріміз әрине біз үшін қымбат, өзінің туып өскен жерін қадірлей білген бүлдіршіндер

«Менің Отаным» әнін жолдайды

Хор: «Менің Отаным»

Жүргізуші:

-Балалар, білесіңдерме ана сүтімен бойымызға дарыған қандай тіл?

-Ана тілі

-Ендеше ана тілі туралы тақпағымызды айтып берейік.

Тақпақтар:

Алтынай:

Өсірген ой білімді

Сүйем туған тілімді

Мақсат етем әр сөздің

Мәнін терең білуді

Нұрлыбек:

Ана тілім-ұраным!

Ана тілім-құралым!

Ана тілім-болмаса

Мықты болмас тұрағым

Сафия

Ана тілім-тірегім,

Ана тілім-жүрегім

Қасиеті елімнің

Тек өзің деп білемін

Сырғалым:

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаған

Әмірхан:

Қымбат маған ана тілім, бал тілім,

Қымбат маған дана тілім, ар тілім

Әлихан:

Балдай тәтті бала тілім

Сөзбен тәтті дана тілім

Қазақ үшін қасиетті

Жаса мәңгі, ана тілім

Жүргізуші:

Келесі кезекте өз ана тілінде «Достық» туралы әдемі ән жолдайтын бүлдіршіндерді қарсы алайық

Жеке ән: «Достық» Сафия мен Сырғалым

Жүргізуші:

«Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» дегендей шешендік өнердіде тыңдап көрсек. Олай болса балалар көрінісін тамашалайық.

«Төле бидің шешендігі»

Автор:

Бірде атақты билер Арқаға жиналыпты. Айтқан мезгілден Төле би кешігіп келеді.
(Билер жайғасып отырады)

Нұрлыбек:

-Қазеке, Төле би неге кешігіп жатыр екен?

Әмірхан:

-Ендеше Төле би келсе орнымыздан тұрмайық, жарайма?

Қалғандары:

-Жарайды, жарайды.

Сол кезде Төле би келіп:

-Ассалаумағалейкүм, кешіккенім үшін кешірім өтінемін.

Нұрлыбек:

-Ал, Төле би, мынаған жауап берші?

-Бақ дегеніміз не?

-Байлық дегеніміз не?

-Бала дегеніміз не?

Сол кезде Төле би орнына отырмастан былай деп жауап береді.

Бақ дегеніміз-ұзатылған қыз екен,

Байлық дегеніміз-еритін мұз екен

Ал бала болса, артта қалған із екен, ал өмірдің ең жақсы сыйы-сыйласқан сіз бен біз екен.

Сол кезде билер орындарынан тұрып, Төле биден кешірім өтініп, оған құрмет көрсетеді.

Автор: Я, бұл өмірде сіз бен біз сыйласып өткенге не жетсін!

«Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» деген осы екен.

Жүргізуші:

Халқымыз тіл өнерін ерекше бағалап «Өнер алды, қызыл тіл» деген

Ендеше біздің бүлдіршіндер мақал-мәтел айтудыда жақсы көреді.

Хан:

Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ

СұлтанӘли:

Ана сүті бой өсіреді,

Ана тілі ой өсіреді

Әли:

Туған ел-тұғырың

Туған тіл-қыдырың

Айару:

Өнер алды-қызыл тіл

Жүргізуші:

Балдай тәтті тілімен ән шырқайтын қос бүлдіршініміз Алтынай мен Нұрлыбекті ортаға шақырайық

Жеке ән: «Біз бақшаға барамыз»

Би: «Шабандоздар»

Жүргізуші:

Әрбір тілде сөйле адамдар таң қалып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық?

Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

Хор: «Ана тілін сүйемін»

Жүргізуші: Бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтай келе, ана тіліміздің асыл қасиеттерін, Бойымызға сіңіріп, таза да мөлдір күйінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра берейік.

“Мінім менің- міперім”



“Бағдарпен” ересек моды